

Мұғалжар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 399 "2020-2022 жылдарға арналған Құмсай ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 тамыздағы № 489 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 2 қыркүйекте № 7378 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 109-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Мұғалжар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мұғалжар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 399 "2020-2022 жылдарға арналған Құмсай ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6761 тіркелген, 2020 жылғы 27 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер – "52 471,4" сандары "52 314,4" сандарымен ауыстырылсын;

трансферттер түсімі – "51 577,0" сандары "51 420,0" сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

шығындар – "52 471,4" сандары "52 314,4" сандарымен ауыстырылсын;

5 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап:

1) жалақының ең төмен мөлшері –42 500 теңге;

2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш - 2 651 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы –31 183 теңге;

2020 жылғы 1 сәуірден бастап:

1) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төмен мөлшері – 17 641 теңге;

2) зейнетақының ең төмен мөлшері – 40 441 теңге;

3) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2 778 теңге;

4) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төменкүнкөріс деңгейінің шамасы – 32 668 теңге белгіленгені ескерілсін және басшылыққа алынсын."

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Мұғалжар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мұғалжар аудандық мәслихатының сессия төрағасы

А. Жукашев

Мұғалжар аудандық мәслихатының хатшысы

Р. Мусенова

Мұғалжар аудандық мәслихатының

2020 жылғы 25 тамызы № 489

шешіміне қосымша

Мұғалжар аудандық мәслихатының

2020 жылғы 6 қаңтардағы № 399

шешіміне 1 қосымша

2020 жылға арналған Құмсай ауылдық округ бюджеті

санаты	сыныбы	кіші сыныбы	атауы	сомасы (мың теңге)
			1. КІРІСТЕР	52 314,4
1			САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР	882,0
	01		Табыс салығы	60,0
		2	Жеке табыс салығы	60,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	822,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	11,0
		3	Жер салығы	35,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	776,0
2			САЛЫҚТЫҚ ЕМЕС ТҮСІМДЕР	12,4
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	12,4
4			Трансферттердің түсімдері	51 420,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	51 420,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	51 420,0

функционалдык топ	кіші функция	бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	бағдарлама	атауы	сомасы (мың теңге)
				II. ШЫҒЫНДАР	52 314,4
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	15 655,4
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	15 655,4
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	15 655,4
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	15 655,4
04				Білім беру	32 742,0
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	32 742,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	32 472,0
			004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет	32 742,0

				көрсетуді ұйымдастыру	
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1 117,0
	3			Елді мекендерді көркейту	1 117,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 117,0
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	917,0
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	200,0
12				Көлік және коммуникация	2 800,0
	1			Автомобиль көлігі	2 800,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 800,0
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	2 800,0
				V. Бюджет тапшылығы (профициті)	(0,0
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	(0,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК